



**№ 1 (37)
2015**

Меншік иесі және баспагер:

«Қазақстан Республикасының
Заңнама институты» ММ

2006 жылдан бастап шығады

Журналдың материалдары
<http://www.izrk.kz> сайтында
орналастырылған

Заң ғылымдары бойынша
диссертациялардың негізгі ғылыми
нәтижелерін жариялауға арналған
басылымдар тізіліміне енгізілген
(ҚР БҒМ БҒСБК 30.05.2013 ж.
№894 бұйрығы)

Редакциялық кеңес:

Б.М. Имашев (Төраға)
З.Х. Баймолдина
А.А. Смағұлов
И.Ш. Борчашвили

Редакциялық алқа:

Н.М. Әбдіров
З.С. Байниязова (Саратов қ., РФ)
С.Ф. Бычкова
М.Т. Ғабдуәлиев
Д. Досмырза
И.Қ. Елеусізова
А.Д. Жүсіпов
Д.Ж. Игембаев
А.Қ. Қанатов
Т.Е. Қаудыров
Ж.О. Құлжабаева
Ш.Р. Мырзаева
С.М. Рахметов
А.Ж. Сағидан
Ә.Г. Сақтағанов
Т.С. Сафарова
М.А. Сәрсембаев

Қазақстан Республикасы Мәдениет
және ақпарат министрлігі
Ақпарат және мұрағат комитетінің
БАҚ есепке қою туралы куәлігі
№ 11219-Ж 15.11.2010 ж.

Мекен-жайы:

Қазақстан Республикасы,
010000, Астана қ.,
Орынбор к., 8 үй
тел: 8(7172)74-02-06; факс: 8(7172)74-14-43
E-mail: instzak-kz@mail.ru
www.izrk.kz

Қазақстан Республикасы Заңнама Институтының Жаршысы

ҒЫЛЫМИ-ҚҰҚЫҚТЫҚ ЖУРНАЛ

МАЗМҰНЫ

2014 жылдың қорытындысы және 2015 жылға арналған басымды міндеттер бойынша Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің кеңейтілген алқа отырысы туралы, Астана қ., 2015 жылғы 6 ақпан (ҚР Әділет министрлігінің баспа қызметі).....	5
Ұлы Отан соғысы Жеңісінің 70-жылдығы.....	9
З.К. АЮПОВА, Ә.Ғ. САҚТАҒАНОВ Ұстаздар және тәлім- герлер – соғыс батырлары туралы.....	9
Ж.И. ИБРАГИМОВ Ұлы Отан соғысына қатысушы заңгерлер	13
Конституциялық және әкімшілік құқық	18
З.К. АЮПОВА, Д.Ө. ҚҰСАЙЫНОВ Қазақстан Республика- сындағы тәуелсіздіктің конституциялық-құқықтық негіздері туралы мәселесіне.....	18
Л.Т. ЖАНҰЗАҚОВА, И.О. ӘУБӘКІРОВА Қазақстан Респу- бликасы мен Еуропа елдеріндегі мемлекеттік қызметті құқық- тық қамтамасыз ету: салыстырмалы тәжірибе.....	23
Азаматтық, азаматтық іс жүргізу құқығы	29
А.А. МҰҚАШЕВА Қазақстан Республикасы заңнамасы бойынша қоғамдық бірлестіктерінің қызметін құқықтық реттеу.....	29
Ж.О. ТІЛЕМБАЕВА Қазақстан Республикасы заңнамасының кейбір салалары мен ішкі салаларын кодификациялау мәселелері туралы.....	36
Қылмыстық құқық және қылмыстық іс жүргізу	41
А.Қ. ҚАНАТОВ, Н.М. МҰНАЙТБАСОВ Сотқа деген сенім- діліктің деонтологиялық негіздері.....	41
М.Д. ҚАРАЖАНОВ, А.Қ. ҚАНАТОВ Экологиялық қауіп- сіздікке қол сұғатын экологиялық қылмыстық құқық бұзу- шылықтардың криминологиялық сипаттамасы.....	45
Ж.К. ҚОЖАНТАЕВА Тонау заты туралы мәселе бойынша...	
М.К. ЖОЛЫМБАЕВ, Г.Ж. ӘМІРОВА Жасырын тергеуінің процесуалдық әрекеттерінің кәзіргі заманның континентал- дық қылмыстық-процесінің заңнамасы.....	57
А.Ж. ЖЫЛҚЫБАЕВ, Е.М. ЕЛУБАЙ Кәмелет жасқа толмаған- дардың қылмыстылығы криминологиялық зерттеу объектісі ретінде.....	63

Халықаралық құқық және салыстырмалы құқықтану	68
М.А. СӨРСЕМБАЕВ Еуропа одағы тәжірибесі тұрғысында қоршаған ортаға энергетика әсерінің ЕАЭО аясындағы құқықтық мәселелері.....	68
Қ.С. МӘУЛЕНОВ Миграциялық үдерістер саласындағы Қазақстан Республикасының халықаралық-құқықтық ынтымақтастығы.....	77
А.А. КАШИРКИНА, А.Н. МОРОЗОВ (Мәскеу қ.) Қазіргі халықаралық құқық трендідегі еуразиялық интеграциялық процестер.....	83
Құқықтық мониторинг	92
Ш.Ж. ТАУКЕБАЕВА Заңнаманың тиімділігін айқындау.....	92
Мемлекеттік тілде заң шығару тәжірибесінен	95
Л.С. ТҰРҒАНБАЕВА Қазақстандағы тіл саясаты.....	95
Д.М. ШЫҢҒЫСБАЕВА Халықаралық шарт жобалары мәтіндерінің теңтүпнұсқалылығын қамтамасыз етудегі кейбір мәселелер.....	100
М.Ә. ӘБДІРЕЕВА Заңнамалық актілер тілін жетілдіру мәселелері туралы.....	104
А.М. ҚАСЫМОВА Ұлттық терминологиядағы жүйелілік мәселесі туралы.....	108
Н.А. ХАМЗИНА Мемлекеттік тілдегі заңнаманың кейбір мәселелері.....	112
Шетелдік тәжірибе	116
С. САНСЫЗБАЙҚЫЗЫ Америка Құрама Штаттарының сот жүйесінің ерекшеліктері.....	116
Жас ғалым мінбері	122
Д.Ш. ҚҰСАЙЫНОВ Тұрғын үй қатынасы саласындағы алаяқтылықты тергеудің алғашқы сатысының ерекшеліктері.....	122
О.В. ЛОЗОВАЯ Қазақстан Республикасының дербес деректерді қорғау туралы заңнамасы: Еуропалық Одақ құқығымен салыстырмалы сараптама.....	128
Ж.А. МАМИТОВА Қазақстан Республикасының қылмыстық заңнамасына халықаралық шарттарды имплементациялау тәртібінің өзекті сұрақтары.....	134
Е.А. ОМАРОВ Қылмыстық іс бойынша халықаралық тапсырмаларды орындау барысында алынған құпия мәліметтерді сақтау қағидасы.....	139
Ж.К. ЖИЕНТАЕВА Сыбайлас жемқорлықпен күрестегі халықаралық ынтымақтастық.....	144
З.Б. ОМАРХАНОВА Билікті немесе лауазымдық өкілеттіктерді асыра пайдалану қылмысындағы елеулі зиян ұғымын анықтау мәселелері.....	149
А.Т. БЕКЕН Радмиссия және Біріккен Ұлттар Ұйымы.....	154
Д.Ж. СМАҒҰЛОВА Ғарыштық қоршаған ортаны ластағаны үшін халықаралық құқықтық жауапкершілік (Қазақстан Республикасы тәжірибесі).....	158
А.Ж. САДЫҚОВ Қазақстан Республикасының заңнамасы бойынша коммерциялық емес ұйымдардың кәсіпкерлік қызметін құқықтық реттеудің кейбір мәселелері.....	164
Ақпараттық хабарламалар	169
2015 ж. 3 сәуірде Астана қ. өткізілетін әкімшілік рәсімдерді заңнамалық реттеуді жетілдіру мәселелері, оның ішінде «Әкімшілік рәсімдер туралы» Заң жобасын (жаңа редакция) әзірлеу сұрақтары бойынша дөңгелек үстел туралы ақпараттық хабарлама	169
Н.А. Шәйкеновтің максималары мен афоризмдері	171
Мерейтой	172
З.Ғ.Д., проф. М.С. Нәрікбаевтің 75 жылдық мерейтойына орай.....	172
З.Ғ.Д., проф. Қ.С. Мәуленовтің 60 жылдық мерейтойына орай.....	174



**№ 1 (37)
2015**

Собственник и издатель:
ГУ «Институт законодательства
Республики Казахстан»

Издается с 2006 года
Все материалы журнала
размещаются на сайте
<http://www.izrk.kz>

Включен в перечень изданий
для публикации основных
научных результатов диссертаций
по юридическим наукам
(Приказ ККСОН МОН РК №894
от 30.05.2013 г.)

Редакционный совет:
Б.М. Имашев (Председатель)
З.Х. Баймолдина
А.А. Смагулов
И.Ш. Борчашвили

Редакционная коллегия:
Н.М. Абдиров
З.С. Байниязова (г. Саратов, РФ)
С.Ф. Бычкова
М.Т. Габдуалиев
Д. Досмырза
И.К. Елеусизова
А.Д. Жусупов
Д.Ж. Игембаев
А.К. Канатов
Т.Е. Каудыров
Ж.О. Кулжабаева
Ш.Р. Мырзаева
С.М. Рахметов
А.Ж. Сагидан
А.Г. Сактаганов
М.А. Сарсембаев
Т.С. Сафарова

Свидетельство о постановке
на учет СМИ № 11219-Ж
от 15.11.2010 г. Комитета информации
и архивов Министерства культуры
и информации Республики Казахстан

Адрес:
Республика Казахстан,
010000, г. Астана,
ул. Орынбор, д. 8,
тел.: 8(7172)74-02-06; факс: 8(7172)74-14-43
E-mail: instzak-kz@mail.ru
www.izrk.kz

Вестник Института Законодательства Республики Казахстан

научно-правовой журнал

СОДЕРЖАНИЕ

О расширенном заседании коллегии Министерства юстиции Республики Казахстан по итогам 2014 года и приоритетным задачам на 2015 год, г. Астана, 6 февраля 2015 года (пресс-служба Министерства юстиции РК).....	5
<i>70-летие Победы в Великой Отечественной войне.....</i>	9
З.К. АЮПОВА, А.Г. САКТАГАНОВ Об учителях и наставниках - героях войны.....	9
Ж.И. ИБРАГИМОВ Юристы-участники Великой Отечественной войны.....	13
<i>Конституционное и административное право</i>	18
З.К. АЮПОВА, Д.У. КУСАИНОВ К вопросу о конституционно-правовых основах суверенитета в Республике Казахстан	18
Л.Т. ЖАНУЗАКОВА, И.У. АУБАКИРОВА Правовое обеспечение государственных услуг в Республике Казахстан и европейских странах: сравнительный опыт.....	23
<i>Гражданское и гражданско-процессуальное право</i>	29
А.А. МУКАШЕВА Правовое регулирование деятельности общественных объединений по законодательству Республики Казахстан.....	29
Ж.У. ТЛЕМБАЕВА О проблемах кодификации некоторых отраслей и подотраслей законодательства Республики Казахстан.....	36
<i>Уголовное право и уголовный процесс</i>	41
А.К. КАНАТОВ, Н.М. МУНАЙТБАСОВ Деонтологические основы повышения доверия к суду.....	41
М.Д. КАРАЖАНОВ, А.К. КАНАТОВ Криминологическая характеристика уголовных правонарушений, посягающих на экологическую безопасность.....	45
Ж.К. КОЖАНТАЕВА К вопросу о предмете грабежа.....	52
М.К. ЖОЛУМБАЕВ, Г.Ж. АМИРОВА О конфиденциальных процессуальных действиях в современном континентальном уголовно-процессуальном законодательстве.....	57
А.Ж. ЖИЛКУБАЕВ, Е.М. ЕЛУБАЙ Преступность несовершеннолетних как объект криминологического изучения.....	63

Международное право и сравнительное правоведение	68
М.А. САРСЕМБАЕВ Правовые проблемы влияния энергетики на окружающую среду в рамках ЕАЭС в свете опыта Европейского союза.....	68
К.С. МАУЛЕНОВ Международно-правовое сотрудничество Республики Казахстан в области миграционных процессов.....	77
А.А. КАШИРКИНА, А.Н. МОРОЗОВ (г. Москва) Евразийские интеграционные процессы в тренде современного международного права.....	83
Правовой мониторинг	92
Ш.Ж. ТАУКИБАЕВА Определение эффективности законодательства.....	92
Из практики законотворчества на государственном языке	95
Л.С. ТУРГАНБАЕВА Языковая политика в Казахстане.....	95
Д.М. ШЫНГЫСБАЕВА Некоторые вопросы обеспечения аутентичности текстов международных договоров.....	100
М.А. АБДРЕЕВА О проблемах совершенствования языка законодательных актов.....	104
А.М. КАСЫМОВА О проблеме системности в национальной терминологии	108
Н.А. ХАМЗИНА Некоторые вопросы законодательства на государственном языке.....	112
Зарубежный опыт	116
С. САНСЫЗБАЙҚЫЗЫ Особенности судебной системы Соединенных Штатов Америки....	116
Трибуна молодого ученого	122
Д.Ш. КУСАИНОВ Особенности первоначального этапа расследования мошенничества в сфере жилищных отношений.....	122
О.В. ЛОЗОВАЯ Законодательство Республики Казахстан в сфере защиты персональных данных: сравнительный анализ с правом Европейского Союза.....	128
Ж.А. МАМИТОВА Проблемные вопросы порядка имплементации международных договоров в уголовное законодательство Республики Казахстан.....	134
Е.А. ОМАРОВ Принцип конфиденциальности сведений, полученных в ходе исполнения международных поручений по уголовным делам.....	139
Ж.К. ЖИЕНТАЕВА Международный опыт в борьбе с коррупцией.....	144
З.Б. ОМАРХАНОВА Проблемы определения понятия «существенный вред в превышении власти или должностных полномочий».....	149
А.Т. БЕКЕН Радмиссия и Организация Объединенных Наций.....	154
Д.Ж. СМАГУЛОВА Международно-правовая ответственность за загрязнение космической окружающей среды (опыт Республики Казахстан).....	158
А.Ж. САДЫКОВ Некоторые проблемы правового регулирования предпринимательской деятельности некоммерческих организаций по законодательству Республики Казахстан....	164
Информационные сообщения	169
Информационное сообщение о круглом столе по вопросам совершенствования законодательного регулирования административных процедур, в том числе разработки проекта Закона «Об административных процедурах» (новая редакция) 3 апреля 2015 года в г. Астана	170
Максимы и афоризмы Н.А. Шайкенова	171
Юбилеи	172
К 75-летию д.ю.н., проф. М.С. Нарикбаева.....	172
К 60-летию д.ю.н., проф. К.С. Мауленова.....	174



Сансызбайқызы Салтанат,

М. Сапарбаев атындағы Оңтүстік Қазақстан гуманитарлық институты, заң ғылымдарының кандидаты


АМЕРИКА ҚҰРАМА ШТАТТАРЫНЫҢ СОТ ЖҮЙЕСІНІҢ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

«Қазақстанның әлемнің ең дамыған 30 мемлекетінің қатарына кіру жөніндегі» тұжырымдамасында: «Дамыған елдер тобына кіру үшін Қазақстан дамуда серпіліс жасауы тиіс. Басқару және сот-құқық қорғау жүйесін жаңғыртуы қажет» деп айқындалған [1]. Сот жүйесін дамытып, сот билігінің тәуелсіздігін қамтамасыз ету бағытында елімізде бірқатар іс-шаралар кешені атқарылып отыр. Отандық заңгерлер, ғалымдар алдында осы бағыттарға қол жеткізу үшін тың тұжырымдамалар және ғылыми дәйектемелер кешенін дайындау міндеттері тұр. Осы орайда ХХІ ғасырдың ірі державасы Америка Құрама Штаттарының сот жүйесінің құрылымын, ерекшеліктерін

қарастырып, жан-жақты талдау жасау өзектілігі жоғары, өміршең, кең ауқымды зерттеулерді қажет ететін бағыттардың бірі болып табылады.

Америка Құрама Штаттарының сот жүйесі – бұл мемлекеттік биліктің үшінші тармағы болып табылады. Сот билігі Жоғарғы Сот басқаратын соттар жүйесі арқылы жүргізіледі. АҚШ сот жүйесінің негізгі қайнар көзі елдің Конституциясы болып табылады. АҚШ Конституциясына сәйкес, «Америка Құрама Штаттарындағы сот билігін Жоғарғы Сот жүргізеді, ол Конгресспен құрылады» [2, 21].

Жалпы Америка Құрама Штаттарының Сот жүйесін төмендегідей түрде қарастыруға болады:



Тәуелсіздік жарияланған кезеңге дейін Америка Құрама Штаттарының территорияларында қазіргі федералдық соттың үлгісі ретінде қарастыруға болатын қандай да бір сот органы болмаған. Әрбір отарлық территориядағы сот билігі ағылшын королі билігінің бақылауында болып, Ұлыбритания Күпия Кеңесі (Privy Council) отарлық жерлердегі сот органдарының шешіміне шағымдарды қарастырған [3, 12].

1779 жылы барлық штаттар «Конфедерация баптарын» ратификациялағаннан кейін, мүлікті басып алу туралы істер бойынша Апелляциялық сот (Court of appeals in cases of Capture) құрылған. 1789 жылы АҚШ Конгресі өзінің бірінші сессиясында «Сот құрылымы туралы» заңды қабылдап, заң бойынша АҚШ Жоғарғы Соты құрылған.

АҚШ Конституциясы бойынша федералдық сот билігінің бірден бір органы АҚШ Жоғарғы Соты болып табылады. Жоғарғы Соттың негізі 1879 жылы сот құрылымы туралы актіні бекіту нәтижесінде қаланып, оның мәртебесі АҚШ Конституциясында бекітілген. Конституция бойынша Жоғарғы сот – бұл сот төрелігін жүзеге асыратын жоғарғы орган болып саналады.

Америка Құрама Штаттарының «Сот құрылымы туралы» Акті бойынша «Жоғарғы Сот барлық азаматтық істегі шағымдар бойынша айрықша юрисдикцияға ие». Жоғарғы Соттың құрылу тәртібі Конституциямен бекітілген. Өмір бойы қызмет атқаратын тоғыз судьяларды және осы тоғыз судьялардың ішінен сот төрағасын АҚШ Президенті тағайындайды, ал Сенат үміткерлерді бекітеді. Судьялардан бөлек, АҚШ Жоғарғы Сотының штат бірлігіне сот аппаратының көмекші қызметкерлері: клерк (сот хатшысы), маршал (аппарат басшысы), репортер (шешімдерді жариялайтын тұлға), кітапханашы немесе архивариус кіреді [4, 20].

Бірінші саты бойынша Жоғарғы Сот төмендегідей түрдегі істерді қарастырады:

- екі және одан да көп штаттар арасындағы дауларды;
- тараптардың бір жағы шетел өкілі болып табылатын дауларды;
- Құрама Штаттар және жеке штат арасындағы дауларды;
- басқа штат немесе шетел азаматтарына қатысты қозғалған істерді.

Жоғарғы Сотқа апелляция тәртібінде түсетін істер, федералдық заңды конституцияға сәйкес емес деп танылған немесе штаттың жоғарғы сотынан, федералдық апелляциялық соттан,

федералдық округтік соттардан келіп түседі.

Апелляциялық тәртіпте қарастырылатын істердің тізімін анықтау бойынша Жоғарғы Соттың нормативтік құқығы 1925 жылғы судьялар туралы Билльмен бекітілген. Бұл процедура certiorari деп аталады, яғни төменгі сатыдағы соттардан істі талап ету. Certiorari талабы Жоғарғы сот істі маңызды деп таныған кезде қойылады. Жоғарғы сот бойынша, мәліметтерден осындай істердің жалпы 64 пайыз жағдайында шешімдер өзгертіліп, 16 пайызының күші жойылатындығын байқаймыз [5].

Жоғарғы Соттағы шешім шығару тәртібі төмендегідей түрде жүзеге асырылады: істің мәнісі бойынша, әрбір судьяның пікірі қалыптасып, судьялардың бірі көпшіліктің ұстанымын жариялайды, бұл шешім болып саналып, қалғандары тұжырымды қолдайтындығын немесе қарсы пікірін білдіреді. Барлық шешімдер жарияланады. Барлық жағдайларда алты дауыс кворум болып саналады [5].

Америка Құрама Штаттарының Сот жүйесі екі деңгейді құрайды, оның құрамына: федералды соттар жүйесі, 50 штаттың сот жүйелері, Колумбия федералды округі және төрт тәуелді территориялары кіреді. Әрбір жүйенің соттары бір-бірінен тәуелсіз [6,15]. Жалпы юрисдикциядағы федералдық соттар жүйесін: федералдық округтік соттар, федералдық апелляциялық соттар және АҚШ Жоғарғы Соты құрайды.

Екі деңгейдің сот жүйесінің маңызды бөлігін жалпы юрисдикциядағы соттар құрайды. Мұнда федералдық деңгейдегі соттардың және штаттар соттарының құзыреттіліктері шартты түрде ажыратылған. Федералдық соттардың юрисдикциясы шектеулі түрде. Ол АҚШ Конституциясымен бекітілген істер шеңберінде ғана анықталады. XIX ғасырдың басында АҚШ Жоғарғы Сотының шешімі бойынша федералды соттардың құзыретіне кіретін істер екі санатқа бөлінген. Бірінші топты: даудың нысанына және сипатына байланысты туындайтын істер құрайды. Осы межеге сәйкес, федералды сот билігі АҚШ Конституциясы негізінде, федералдық заңдар және халықаралық шарттар негізінде туындайтын барлық істерге және теңіз істеріне тарайды. Федералдық соттардың юрисдикциясына кіретін істердің екінші тобын Конституцияда тізбектелген субъектілердің барлығы: елшілер, шет мемлекеттердің өкілдері, штаттар, штаттар азаматтары, шет мемлекеттер, олардың азаматтары қатысатын барлық даулар құрайды. Қалған істердің барлығын штаттардың

соттары қарастырады.

Федералдық соттар Конгресспен құрылады. Жалпы федералдық соттар жүйесі 1789 жылғы сот құрылымы туралы Актімен бекітілген. Федералдық округтік соттар федералдық сот жүйесінің төменгі сатысына енеді. Олардың әрқайсысы бір округ шеңберінде ғана қызмет атқарады, сондықтан да бір штатта төрт округтік соттарға дейін болуы мүмкін. Мұндай соттардың жалпы саны 94 жетеді.

Округтік соттардың құзыретінің негізгі саласына федералды юрисдикцияға кіретін азаматтық және қылмыстық істердің бірінші сатысы бойынша істерді қарастыру кіреді. Тәжірибеде, федералдық округтік соттар, негізінен азаматтық істерді қарастырумен айналысады [7, 173].

Әрбір сотта отыздан астам судьялар қызмет атқарады. Істерді судья жеке қарастырады немесе алқа билердің қатысуымен қарастырады. Қылмыстық істерде алқа билер екі процессуалдық нысанда қатысады: сотқа беруді жүзеге асырады және кінәлілік туралы ұйғарым шығарады. Алқа билер соты 12 алқа билерден және бір кәсіби судьядан құралады.

Округтік соттардағы азаматтық сот шығармашылығының ережелері, көбінесе, жалпы құқықтағы немесе әділеттілік құқығының нормаларын қолдануға байланысты анықталады.

АҚШ конституциясының III бабы бойынша, федералдық жоғарғы Сот және төменгі сатыдағы соттар құрылып, 1789 жылы қабылданған Сот құрылымы туралы Заң негізінде округтік соттардан, апелляциялық соттан және Жоғарғы Соттан құрылған үш буынды федералдық сот жүйесі қалыптасты. Олар Конституция негізінде құрылуына байланысты конституциялық соттар деп аталады. Ал соттарды құру бойынша Конгресс құқығы негізінде қалыптасқан сот органдары заң шығарушы болып саналып, екінші топтағы соттар қатарына енеді.

Мұндай түрдегі соттар көптеп құрылған. Бұл - арнайы юрисдикциядағы соттар болып саналатын салықтық, банкроттық істер бойынша соттар, кедендік және т.б. Федералдық соттардан басқа АҚШ-та штаттардың соты бар. Штаттар, сотымен қатар, федералдық округтер Колумбия, Пуэрто – Рико соттарын да атауға болады. Вирджиния, Мариан, Гуам аралдарындағы соттар да осы санатқа енеді. Сондықтан да АҚШ мемлекетінде екі негізгі салалас сот жүйелері – федералдық және жекелеген штаттар сот жүйесі қызмет атқарады. Федералдық сот жүйесі штаттардың сот жүйесіне әкімшілік

бақылау жасай алмайды. Американдық соттар және американдық сот төрелігінің басты ерекшеліктері, мұнда бірыңғай жалпы ұлттық сот жүйесі құрылмаған [7, 88].

Округтік федералдық соттар - бұл жалпы юрисдикциядағы соттар болып табылады. Олар бірінші сатыдағы, федералдық заңнамаға негізделген, мамандандырылған федералдық соттардың құзыретіне кірмейтін істерді қарастырады. Округтік федералдық соттардың азаматтық істер бойынша юрисдикциясына АҚШ Жоғарғы Соты соттылығына жататын істерден басқа барлық санаттағы істер кіреді.

Конгресс Құрама Штаттар территориясын 94 федералдық сот округтеріне бөлген. Әрбір штатта бір округтен бар. Ал кейбір үлкен штаттардағы округтердің саны бірнешеге жетеді. Әрбір округте Округтік федералдық сот құрылған. Әрбір сотта екі судьядан артық судьялар қызмет атқарады. Халқының саны үлкен штаттардағы судьялардың саны жиырмаға дейін жетеді. Сот түрлі қалаларда орналасқан учаскелерге (division) бөлінеді. Мысалы, Вирджиния штатының шығыс округінің Округтік федералдық соты Ричмондта, Норфолкта, Александрияда орналасқан.

94 округтік федералдық соттардан (бірінші сатыдағы соттар) басқа, АҚШ территориялары он екі федералдық округтерге бөлінген, ал оларда федералдық апелляциялық соттар (екінші сатыдағы соттар) орналасқан. Реттік нөмірі бар он бір апелляциялық соттар бірнеше штаттардың территориясын қамтиды, ал Колумбия федералдық округінің территориясы он екінші болып саналады. Мысалы, сегізінші округке Солтүстік Дакота, Миннесота, Оңтүстік Дакота, Небраска, Айова, Миссури және Арканзас штаттары кіреді. Округтердегі Апелляциялық соттар, өз территорияларында орналасқан округтік федералдық соттардан келіп түсетін азаматтық істер бойынша шешімдерге және қылмыстық істер бойынша үкімдерге шағымдарды қарастыруға құқылы [5].

Колумбия округінің апелляциялық федералдық сотының өз ерекшелігі бар. Мұнда, АҚШ үкіметіне материалдық шағымдар және патенттік даулар бойынша барлық 94 округтік соттардан келіп түсетін шағымдар қарастырылады. Сонымен қатар, оның соттылығына, бірінші сатыдағы федералдық мамандандырылған соттардың (Claims Courts) және сыртқы сауда істері бойынша соттардың (Courts of International Trade) шешіміне шағымдарды қарастыру да кіреді. Мұндай соттардағы судьялар саны 6 және 28 ге дейін жетеді [5]. Барлық шешімдер

алқалы түрде үш судьямен шығарылады. Алқа құрамы үнемі өзгеріп отырады. Алқа ішінде қайшылықтар туындаған жағдайда немесе қарастырылатын істің ерекше маңызы болған жағдайда, апелляциялық соттар толық құрамда отырыс жасай алады. АҚШ Апелляциялық соттары 1891 жылы Жоғарғы Соттың жұмысын жеңілдету мақсатында құрылған.

Басқа федералдық соттар Конституцияның III бабы негізінде құрылады. Атап айтқанда: 1926 жылы құрылған сыртқы сауда мәселелері бойынша сот (Court of International Trade). Бұл – кедендік даулар және тауарлардың импортына байланысты даулардан туындайтын істерді қарастыратын бірінші сатыдағы сот. Оның судьялар құрамы тұрақты түрде. Ал Конституциясының III бабы бойынша құрылған басқа екі соттың құрамы тұрақты түрде емес. Бұл – энергетика бойынша федералдық заңнамаға байланысты шешімдерге шағымдарды қарастыратын Уақытша төтенше апелляциялық сот және шетел барлау жұмыстарына байланысты телефон әңгімелерін тыңдау бойынша Сот (Foreign Intelligence Wiretap Court) [5].

Басқа федералдық соттар Конституцияның I бабының негізінде құрылады. Оларды, көп жағдайларда, арнайы федералдық соттар деп атайды. Мұндай соттарға - 1924 жылдан бастап қызмет атқаратын ішкі табыс туралы заңдар кодексіне сәйкес азаматтардың мемлекетке кінәсін қабылдайтын салықтық соттар (Tax Courts). Фирмалар, кәсіпорындар, кәсіпкерлердің банкроттығы туралы істерді қарастыратын банкроттық туралы істер бойынша соттар (Bankruptcy Courts).

Конституцияның I бабына негізделген соттардың ішінен: Әскери апелляциялық сот (Court of Military Appeals); ардагерлер істері туралы апелляциялық сот (Court of Veteran Appeals).

АҚШ сот жүйесіндегі сот қарауы - маңызды және қайшылықты болып табылады. Судьяларды қарауы – бұл сот ісін жүргізудің белгілі бір түріндегі заңды дауларды шешу барысындағы қатынастарды шешуге бағытталған шешімдердің мүмкін нұсқасын құқықтық шеңберде таңдау.

Әрбір елу штаттың өзіндік Конституциясы және өзіндік заңнамалық, атқарушы, сот органдарынан құрылатын билік тармақтары бар.

Бірінші сатыдағы соттар қылмыстық және азаматтық істерді қарастырады. АҚШ штаттарындағы Бірінші сатыдағы соттар екі түрге бөлінеді: жалпы юрисдикциядағы соттар және шектеулі юрисдикциядағы соттар. Жалпы юрисдикциядағы соттар (general jurisdiction)

штаттар құқықтық жүйесінің негізін қалайды. Олардың соттылығына азаматтық және қылмыстық істердің түрлі санаттары кіреді. Олар, негізінен, штаттар заңнамасының юрисдикциясына кіретін барлық істерді қарастырады. Дегенмен, олардың ортақ атауы белгіленбеген. Кейбір штаттарда оларды округтік соттар (circuit courts) деп атаса, басқаларында үлкен соттар (superior courts), ал үшіншілерінде аудандық соттар (district courts) деп аталынады. «Шектеулі юрисдикциядағы» соттарды (limited jurisdiction) кейбір жағдайларда арнайы юрисдикциядағы соттар деп атауға болады, себебі, олар істердің белгілі бір санаттарын қарастырады. Соттардың осындай санаттарының ішінен кәмелетке толмағандар ісі бойынша соттарды, жанұялық соттарды, мұрагерлік істер бойынша соттарды, жол ережелерінің бұзылуы туралы істер бойынша соттарды атап өтуге болады. Шектеулі құзыреттегі арнайы соттардан басқа, муниципалдық, полициялық соттар деп аталатын әмбебап сипаттағы төменгі сатыдағы соттарды да ерекшелеуге болады.

Апелляциялық соттар жалпы юрисдикциядағы соттардың шешіміне шағымдарды қарастырады. Штаттардың апелляциялық соттары тек 38 штатта ғана қызмет атқарады. Мұндай соттарды көбінесе аралық апелляциялық соттар деп атайды. Ал қалған 22 штаттарда апелляциялық соттардың қызметін штаттың Жоғарғы Соты атқарады. Штаттардың Жоғарғы соты жекелеген штаттардың сот сатысының жоғарғы деңгейі болып табылады. Штаттардың жоғарғы сотын жоғарғы соттар деп атайды. Дегенмен, Нью-Йорк және Мэриленд штаттарында жоғарғы сотты - Апелляциялық сот деп атаса, Техас және Оклахомада екі жоғарғы сот - Жоғарғы Сот және Апелляциялық қылмыстық сот бірігіп қызмет атқарады.

Үш штаттарда Жоғарғы Сот судьялары өмір бойына сайланады, ал қалған штаттардағы 6,8,10 жылға сайланады. Жалпы, 50 американдық штаттарда шамамен 17 мың сот қызмет атқарады. Мұндай соттардағы судьялар саны 29 мың. Жыл сайын штаттардың соттары 3 миллионнан астам қылмыстық және азаматтық істерді қарастырады [5].

Округтік соттар жанынан 1968 жылы федералды магистраттар туралы Актімен құрылған магистраттар қызмет атқарады. Магистраттар, негізінен, істі тыңдауға дайындықты жүргізеді және сот шешімдерінің орындалуына бақылау жасайды.

Жалпы, мақаланы қорытындылай келе,

Америка Құрама Штаттарындағы ғасырлар бойы қалыптасқан сот билігінің жоғарғы беделі және сот тәуелсіздігі Қазақстан сот жүйесінде қолдануға қажет мәселе екендігін атап өтуге болады. Экономикасы, технологиясы, мемлекеттік жүйесі, құқықтық институттары дамыған, ғылыми-техникалық әлеуеті бар ірі мемлекет Америка Құрама Штаттарының

сот жүйесінің тәжірибесінен, сот жүйесі – бұл қалыптасуы күрделі процесс екендігін байқаймыз. Уақыт талабына сай жаңартылып отыратын АҚШ сот жүйесінің тәжірибесін, мемлекетіміздің даму ерекшелігін ескере отыра енгізген тиімді. Аталмыш тәжірибе, еліміздің сот жүйесін реформалауда қолдануға болатын ықтималды үлгілердің бірі болып табылады.

Пайдаланылған әдебиет тізімі

1. «Қазақстанның әлемнің ең дамыған 30 мемлекетінің қатарына кіру жөніндегі тұжырымдама туралы» Қазақстан Республикасының Президенті Жарлығының жобасы туралы Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2013 жылғы 23 желтоқсандағы № 1385 қаулысы//<http://adilet.zan.kz/kaz/docs/P1300001385>
2. Конституции зарубежных государств: Учебное пособие / Сост. проф. В.В. Маклаков — 2-е изд., ис-прав. и доп.— М.: Издательство БЕК. — 584 с.
3. С.В. Филиппов Судебная система США. М.: Наука, 1980.-160 с.
4. Орлов А.В. Верховный Суд США в системе государственных органов и его роль в формировании прецедентного права. // Вестник Южно-Уральского государственного университета. Серия: Право. - 2010. - №18 (194).- С. 20-23.
5. Judicial Business of the United States Courts// URL: www.uscourts.gov.
6. Котов А.Л. Окружные суды Соединенных Штатов Америки // Ученые записки Санкт-Петербургского имени В.Б. Бобкова филиала Российской таможенной академии. 2011.-№2 (39). - С. 170-174.
7. Чудаков М.Ф. Конституционное право США. Основные институты. Минск, 2003.- 192 с.



Мақалада Америка Құрама Штаттары сот жүйесінің қалыптасу процесі және кезеңдері, оның құрылымы, федерация және штаттар арасындағы сот билігі арасындағы юрисдикциялық бөлініс мәселелері қарастырылған. АҚШ сот билігі бойынша жалпы мәселелерге талдау жасалынады.

Түйін сөздер: Америка Құрама Штаттары, сот жүйесі, юрисдикция, сот құрылымы.

В статье рассматривается процесс и этапы формирования судебной системы Соединенных Штатов Америки, ее структура, проблемы разграничения юрисдикции между судебной властью федерации и штатов. Анализированы общие вопросы судебной власти в США.

Ключевые слова: Соединенные Штаты Америки, судебная система, юрисдикция, судебное устройство.

This article discusses the process and stages of development of the judicial system of the United States of America, its structure, problems of delimitation of jurisdiction between the judicial power of the Federation and States. Analyzed General questions of judicial power in the United States.

Keywords: United States, judicial system, jurisdiction, judicial conformation.

Сансызбайқызы Салтанат,

М. Сапарбаев атындағы Оңтүстік Қазақстан гуманитарлық институты, з.ғ.к.

Америка Құрама Штаттарының сот жүйесінің ерекшеліктері

Сансызбайқызы Салтанат,

Южно-Казахстанский гуманитарный институт имени М. Сапарбаева, к.ю.н.

Особенности судебной системы Соединенных Штатов Америки

Sansyzbaykyzy Saltanat,

Candidate of Law the South-Kazakhstan Institute of the Humanities named after M. Saparbaev

Particularities of judicial system of the United States of America

